

ӘОЖ 811.512.122.0

**ЖАН-ЖАНУАРЛАР ТУРАЛЫ ЕРТЕГІЛЕРДІҢ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ  
ҚҰРЫЛЫМЫ**

**Есей Назерке Бақытжанқызы**

[Nazka-12@mail.ru](mailto:Nazka-12@mail.ru)

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті, қазақ тілі мен әдебиеті  
мамандығының 4-ші курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – М.К. Ахметова

Кез-келген ұлттың халық ауыз әдебиетінің ең бай мұраларының бірі – ертегі. Ертегілер халық мәдениетінің маңызды бөлігі, олар әр халықтың дүниетанымын, салт-дәстүрлерін, халық даналығын көрсетеді. Бұл тілдік бірліктер арқылы жүзеге асады.

Ертегі көп қырлы және күрделі зерттеу нысаны ретінде лингвистер мен әдебиеттанушылардың назарында болды. Ертегіні зерттеу нысаны ретінде қарастыру керек деген көзқарасты ең алғашқы қолдаушылардың бірі В.Я. Пропп. Ғалым: «Ертегі өрісі өте кең, оны зерттеу үшін зерттеушілердің бірнеше ұрпағының жұмысын талап етеді. Ертегіні зерттеу – тек жеке пән деңгейінде емес, энциклопедиялық ғылыми деңгейде қарастырылатын тәуелсіз ғылым»[1,6-7б.]. Қазіргі уақытта ертегі жанрын, оның генезисін, тарихын, поэтикасын, стилистикалық және лингвистикалық ерекшелігін зерттеуде көптеген жұмыстар жүргізілді.

В.Д. Даль сөздігінде: «лингвистикалық талдау – әдеби және көркем шығармалардың идеологиялық және эстетикалық мазмұны жағынан тілдік құралдар жүйесін анықтауға бағытталған тілдік талдаудың бір түрі», - деп анықтама берілген [2,235-б.]. Бұл жағдайда тілдік талдау әдеби талдаумен біріктіріледі. Лингвистикалық талдау жасау арқылы әр түрлі экстралингвистикалық фактілермен қатар тілдің номинативті бірліктерінің (сөздер, фразеологизмдер, еркін тіркестер, т.б.) мағынасы әр қырынан ашылады. Ертегі мәтіндегі барлық тілдік бірліктер өзара тығыз байланысты және коммуникативтік, эстетикалық, танымдық қызмет атқарады. Ертегі мәтінін жалпы мәтін анықтамаларына тән: құрылымдық-семантикалық бірліктің болуы, тілдік бірліктің реттілігі, коммуникативтіліктің болуы және ойдың толық аяқталуы қасиеттеріне ие. Ертегі мәтінін талдаудың ең негізгі мақсаты – ертегіде берілген ойды, мағынаны дұрыс ашып, түсіндіру.

Қазақ фольклорында жан-жануарлар туралы ертегілер өте маңызды орын алады. Жан-жануарлар туралы ертегілер – үй жануарлары мен жабайы жануарлар жайында айтылатын, эстетикалық қызмет атқаратын фольклорлық прозалық жанрдың бірі. Қазақ жан-жануарлар туралы ертегілер өте ерте кезде пайда болған. С. Қасқабасов жан-жануарлар туралы ертегілер адамдардың аң аулап күнелткен шағында туған деп есептейді. Адамдар аңдарды рудың бабасы, оларды күдірет иесі деп санап, оларға табынған және жануарлар туралы айтылған аңыз-әңгімелерге сенген [3,200-б.]. Жан-жануарлар туралы ертегіде күнделікті өмір бейнеленеді және аңдар адам сияқты іс-әрекет жасайды, сонымен қатар адамға тән қасиеттерге (еріншектік, ақылдылық, қызғаныш, қорқақтық, т.б.) ие болады. Көптеген ертегінің сюжеті жануарлардың азық, мекен үшін таласып, өз достарын сатып жібереді. Жануарлар туралы ертегілер оқиғалары әлсіз бен күшті аңдар арасындағы қақтығыстарды көрсетеді. Сондай-ақ, әлсіз аңдар өздерінің тапқырлығы мен қулығына, ақылдығына байланысты күшті аңдарды алдап, жеңімпаз атанады. Ертегіде жануарлар бейнесі аллегориялық сипатқа ие. Осыған қатысты М. Әуезов жан-жануарлар ертегілерін екі топқа бөліп қарастырады. Біріншісі – аңдарды бейнелей отырып, адамдардың іс-әрекетін, мінезін аллегориялық формада көрсету. Бұл жерде ең маңыздысы - адамдардың жаман мінезін әжуа, әшкерелеу. Қалған ертегілерде аңдардың өзі бейнеленеді [4,12-б.]. Жалпы әрбір ертегі мәтінде астарлы мағына жатады, тәрбиелік, танымдық мәні зор. Бұл ертегінің негізгі концептуалды ақпарат беру категориясымен тығыз байланысты. Ертегінің мақсаты – оқырмандарға ғибрат беріп, әсерлі етіп баяндау.

Қазақ жан-жануарлар ертегі мәтіндері көбінесе қысқа да мәнерлі болып құрылады. Жануарлар жайлы ертегі мәтіннің композициялық құрылымын үшке бөлуге болады: басталу, даму, аяқталу. Ертегі құрылымын лингвистикалық талдауда ең негізгі қызметі кілттік элементтер, бастапқы және соңғы сөйлемдер атқарады.

Осы мақалада ертегі мәтіннің бастауындағы кейбір тілдік-құрылымдық ерекшеліктері анықталды. «Бабалар сөзі» кітабында берілген 210 жан-жануарлар туралы ертегінің ішінде екеуі өлең жолдарымен басталады. Қалған ертегілер «бұрынғы заманда», «бір күні», «ерте, ерте, ертеде», «күндердің күнінде» дегендәстүрлі, қалыпты тілдік бірліктермен басталады. Өлең жолдарымен басталатын ертегілер мынадай:

*Ертек-ертек ерте екен,*

*Ешкі жүні бөре екен.*

*Қырғауыл жүні қызыл екен.*

*Құйрығының жүні ұзын екен.*

*Мұзға тайып жығылып,*

*Жанбасын сындырған екен* [Б.С. 73-том, 305-б.].

Немесе:

*Бар екен де жоқ екен,*

*Аш екен де тоқ екен.*

*Алыс бір теңіздің жағасында*

*Біз жақ бетінде емес*

*Арғы жағында*

*Бір қоянның көжегі өмір сүреді екен»*[Б.С. 73-том, 198-б.]. Бұндай бастаулар қазақ жануарлар ертегілерінде кездеспейді, орыс тілінде «присказка»деп аталады. С.Қасқабасов осы секілді бастаулар қазақ ертегілеріне жат деп есептейді, оны «кенейілтілген кіріспе» деп атайды [5,243-б.]. Бір жолда «бар, жоқ», «аиш, тоқ» антоним сөздерінің қолданылуы, морфологиялық (е-кен), фонетикалық (а, е дыбыстары, қ дыбысы,) қайталаулар тиімді қолданылып, оқырманның қызығушылығын арттырады.

Мәтіннің басталуы, яғни бастапқы шені өте маңызды. Сөздерді дұрыс қолдану керек, себебі әрбір сөз ойдың негізгі идеясын беруде, оқырманның дұрыс қабылдауына әсер етеді. Ертегінің бастауы бірнеше қызмет атқарады:

- 1) сигналдық (іс-әрекетің басталуы);
- 2) әңгіме барысына өту;
- 3) тақырып пен негізгі идеяны байланыстырушы;
- 4) сюжет пен автор позициясының байланысын көрсету[6,116-117-б.].

Сөйлемнің экспозициялық сипатына сәйкес алғашқы сөйлемдер ақпарат береді. Оны бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады[7,7-б.].

1. Оқырмандарға қатысушы кейіпкерлер туралы мағлұмат беретін сөйлемдер.

Жан-жануарлар ертегілерінде аңдар мен адам арасындағы байланысынан хабар беретін сөйлемдер кездесті. Мысалы: *Бір кедейдің үш баласының ортасында мал дегенде бір жалғыз өгіз болыпты*[Б.С.73-том, 64-б.].*Ертеде бір кемір-шалдың құс дегенде асырап отырған екі әтеші бар екен* [Б.С.73-том, 258-б.]. Осы топқа жататын сөйлемдердің жасалуындағы ерекшелік бол көмекші етістігінің *болып, болған*) тұлғаларында *келіп және екен* көмекші етістігінің (көсемше, есімше формасында) қолданылуы.

2. Белгі-сапа мәнді бастауы. Кейіпкерлер жайлы сипаттама берілетін алғашқы сөйлемдерде сын есім логикалық екпінді иеленіп, сөйлемнің соңғы бөлігінде ораналасады. Ертегіде сөз болатын кейіпкердің немесе жануардың қасиетінен, соған тән ерекше белгісінен ақпарат береді. Мысалы: *Бұрынғы уақытта дәулеті асқан, судай тасқан, көңілі жай, төрт түлігі сай бір бай болыпты*[Б.С.73-том, 212-б.]. *Бір қоян өте айлакер екен*[Б.С. 73-том, 192-б.].*Қабылан – қанға құныққан жыртықши хайуан. Есек – дауысы зор, күніне талай рет аңырайтын хайуан*[Б.С. 73-том, 181-б.].

3. Оқиғаның болған уақыты мен мекенінен хабар беретін сөйлемдер. Олар дәстүрлі қалыптасқан тілдік бірліктердің қолданылуы арқылы жасалады. ертегіде қалыптасқан қалыпты бастаулармен басталады. Мысалы: *Ерте заманда бір жолбарыс бір тоғайдың қалың бедерінде ұйықтап жатыр* [Б.С.73-том, 173-б.]. *Ерте, ерте, ертеде мысық пен тышқан өте тату өтетін дос екен* [Б.С.73-том, 51-б.]. *Ерте* мезгіл үстеуі жатыс тұлғалы *заман* зат есіммен тіркесіп және *ерте* мезгіл үстеуінің қайталануы арқылы өткен кезеңдерге нұсқап тұрады.

Ал ертегіде мекен атаулары жануарға қатысты болса *үңгір, тоғай, ну орман, қалың орман*, құстарға қатысты болса *ағаштың басы, теңіз жағасы* деп кеңістікті білдіретін тілдік бірліктер арқылы беріледі. Мысалы: *Ертеде қалың тоғай ішіндегі үлкен бір үңгірде үш аю тұрыпты* [Б.С.73-том, 185-б.]. *Ертеде бір теңіз жағасында қалың жасыл орманда бір арыстан өмір сүріпті* [Б.С.73-том, 160-б.].

4. Алдағы болатын оқиғалардың, сюжеттің дамуына септігін тигізетін сөйлеммен басталуы. Мысалы: *Бір қойшы қой бағып жүрсе, бір түлкіні бір аю қуып келеді екен* [Б.С. 73-том, 120-б.]. *Әуелі түлкінің құйрығы жоқ еді* [Б.С.73-том, 50-б.]. Бұл сөйлемдерде *еді, екен* көмекші етістігін қолдану арқылы, оқиғаның жалғасы бар екендігін аңғартады. Ғалымдардың: «сөйлем баяндауыштары *-еді, -екен* көмекші етістігіне аяқталғанда да логикалық жағынан тиянақты болып ұғынылмайды, өзіне жалғас басқа бір сөйлемнің айтылуын қажет етеді» – деген пікірі дәлел [8, 162-б.]. Осындай мәндес сөйлем көсемшенің *-ып, -іп* тұлғасы арқылы да жасалып, мәтіннің өрбуін талап етеді. Мысалы: *Бұрынғы уақытта түлкі мен бір жолбарыс жолдас болыпты* [Б.С.73-том, 94-б.].*Арыстанды өлтірудің қазанын асқан қу түлкі жобарыс пен қасқырдың уәдесін алған соң, соларды ертіп арыстанға жолғысқалы барыпты*[Б.С.73-том, 157-б.].

Мәтіннің бастауы секілді оған аяқталу белгісі де тән. Мәтіннің аяқталуы маңызды құрылымдық элемент болып саналады. Мәтіндегі аяққы шендегі сөйлемдер айтылған ойды қорытындылауға, тұжырымдауға, басты идеясын көрсетуге мүмкіндік береді. Фольклорлық мәтінді зерттеген профессор Ж.Жақып пен А.Доғдырбай аяқталым құбылысын мағынасы жағынан бірнеше топқа бөліп қарастырған[6,124-125б.]. Соның негізінде жан-жануарлар туралы ертегі мәтінін төмендегінше топтастырдық.

1. Бақытты, жақсылықпен аяқталу. Мысалы: *Сөйтіп, құмырсқа досының жақсылығын ақтаған екен* [Б.С. 73-том, 230-бет]. *Сөйтіп, бәледен құтылғанына қуанған ешкі қоянға ілесіп, өз жөніне кетеді* [Б.С. 200-бет].

2. Ертегілер көбінесе нақыл сөзбен, мақал-мәтелдермен, оқырмандарға ғибрат айтуымен аяқталады. Мысалы: *«Бірліксіз іс – бос жұмсалған күш» болып қала береді* [Б.С.73-том, 307-б.]. *Біреуге ор қазба, өзің түсесің» деген сөз содан қалыпты»* [Б.С.73-том, 244-б.]. *«Ақылсыздың істеген ісінің ақыры өзін көрге жығады», – дептімұны көргендер*[Б.С.73-том, 326-б.].

3. Себеп-салдар мәндес аяқталымдар. *Сөйтіп, күні бүгінге дейін мысық тышқандыкөрді болды, бас салып қысып, мылжа-мылжасын шығарып жеп алатын болды* [Б.С.73-том, 52-б.]. *Содан бері ит пен мысық өш екен*[Б.С.73-том, 71-б.]. *Содан қарлығаштың құйрығы аша болып, маса ызыңдайтын болған екен* [Б.С.73-том, 77-б.].

4. Кездейсоқ аяқталуы, мәтіннің аяқсыз бітіуі, яғни ашық қалуы. Ертегінің осылайша аяқталуы прагматикалық жағынан оқырманға ықпал етіп, шешімін қабылдаушының өзінің ой-өрісі арқылы интерпретациялауын мақсат етеді. Мысалы: *Айтыңдар,балалар, кім үлкен?* [Б.С. 73-том, 66-бет]. *Сонда сұрағаны: өгіз шоң ба, бала шоң ба, түлкі шоң ба, бүркіт шоң ба? – деді*[Б.С.73-том, 64-бет].

5. Қайғылы аяқталымдар. Ертегінің осылайша аяқталуын кейіпкердің мәтін мазмұнына сәйкес, оның іс-әрекетіне берілген баға ретінде бағалауға болады. Мысалы:*Сөйтсе, жолбарыс жылжи берсе, жардан құлап кетіпті.Құлап барып өліп қалыпты* [Б.С. 73-том, 94-бет]. – *Оңбаған, бетсіз! Тұқымыңды құртайын, – деп оқша атылып барып, тышқанды бас салып, қылқындырып өлтіреді де, жеп алады. Бірақ мысық әлгі тышқанды өлтіргенімен, жыл мүшелікке ие бола алмайды*[Б.С. 73-том, 52-бет].

Қазақ жан-жануарлар туралы ертегі мәтінін талдай отырып, бастапқы және соңғы сөйлемдердің өзіне тән ерекшеліктерінің болатыны анықталды. Ертегі мәтініалғашқы сөйлемнен-ақ қабылдаушыны өзіндік ерекшелігімен, бейнелілігімен, эмоционалды сипатыменбаурап алады. Ертегідегібастапқы және соңғы сөйлемдермәтінге жалпы тартымды сарын туғызу; коммуникативтік ситуацияны модельдеу (үлгілеу); оқырманға ерекше зейін туғызу, оны қызықтыру секілдіқызметтерді атқарып, мәтіннің композициялық құрылымын түзеді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Пропп В.Я. Морфология волшебной сказки: учеб. пособие. –Москва: Лабиринт, 2005. – 521 с.
2. Даль В. И. Толковый словарь русского языка. – Москва: Эксмо, 2011. – 736 с.
3. Қасқабасов С.А., Аймұхамбет Ж.Ә. Қазақ фольклоры. Жоғары оқу орындарына арналған оқулық. Алматы: «ССК»баспасы, 2017. – 228 б.
4. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
5. Қасқабасов С.А. Қазақтың халық прозасы.– Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
6. Жақыпов Ж.А., Доғдырбай А. Фольклорлық мәтіннің бастапқы және аяққы шендері // Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. – Нұр-Сұлтан, 2018. – 116-126 б.
7. Жүнісова М.Қ. Бастапқы және соңғы сөйлемдердің лингвостилистикалық сипаты (әңгіме жанры бойынша). Автореферат. – Нұр-Сұлтан, 2009. – 276.

8. Балақаев М., Жанпейісов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Қазақ тілінің стилистикасы. – Алматы, 1966. – 205б.